

ЖШС «Мейірім» балабақшасының педагогикалық кеңестін

Хаттамасы №4

Өткізілген мерзімі: 05.03.2026ж

Қатысқандар саны-9

Күн тәртібі:

Тақырыбы: Ұйымдастырылған іс-әрекеті барысында балалардың танымдық қабілеттерін арттыру жолдары

1.Талқылау сұрақтары

- Әр баланың танымдық іс-әрекетінің жеке дамуына ықпал ету мүмкіндіктері ;

-Сенсорлы –дидактикалық ойындарды ұйымдастыруды қамтамасыз ету ;

-Қоршаған орта мен табиғатты зерттеу мүмкіндігін қарастыру;

- Оқу іс-әрекеті барысында ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары (педагогикалық тәжірибеден)

- 2.Тәрбиешілердің шығармашылық тақырып бойынша өткізілген іс-шаралары

Тыңдалды : бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Эшанклова Б үстіміздегі жылы 2025-2026 оқу жылының әдістемелік нұсқаулықтардың өгеруіне байланысты оқыту әдіс –тәсілдері де өгергенін еске сала кетті. «Ойын-бала қиялын шығармашылық ойлауға жетелейтін тәрбие құралы» дегендей, ойын – бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез-келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынаста болады. Ойын балалар үшін айналадағыны танып, білу тәсілі. Балалар ойындарының тәрбиелік маңызының жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазады: «Бала ойында қалай болса, кейін өскен соң жұмыста да көп жағынан ұқсас болады». Сондықтан келешек өсіріп отырған тұлғаларымызды тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады. Ойынның негізгі ерекшеліктері – ол балалардың қоршаған ортаны, адамдардың қимылын, іс-әрекетін олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады. Бала – ешқашан үнсіз ойнамайды, ол жүреді, сөйлейді, ыңылдайды, секіреді, орын барысында сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алады, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Балалардың сөйлеу тілдері дамыған, бір – бірімен еркін қарым – қатынас жасай